

Адамгершілік құндылықтардың мәні. Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуі.


Орындаған: Алиева С.Л., п.ғ.м., 2 курс

Қабылдаған: Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент



Жоспар:


- Адамгершілік құндылықтардың мәні.
- Тұлғаның өзін-өзі тәрбиеленуі.
- Қорытынды;
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;

- 
- **Сабақтың мақсаты:** Жеке адамның танымдық және жеке тұлғаның өзін-өзі тану арқылы рухани құндылық бағдарын қалыптастыру. Материалдық және рухани құндылықтарға сипаттама беру.
 - **Әдістер:** оқу, дискуссия, , өзін-өзі болжау рольдік ойындар.
 - **Әдістемелік құрал жабдықтар:** студент дәптері,

Кіріспе:

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап, бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптастады. Бұл көзқарас Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында көрініс тапқан. Онда: «Білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқытудың үздіксіз процесі», - деп жазылған.






□ Адамгершілік-рухани құндылықтар мәні, тәрбиелік маңызы туралы қоғам қайраткерлері, ғұламалар, ғалымдар ұлы педагогтар: әл-Фараби, Ж.Баласұғын, Қ.А.Йассауи, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар өз еңбектерінде құнды ой пікірлерін қалдырып кеткен. Құндылыққа бағдарлау негіздері және отбасы тәрбиесіндегі ізгілік мәселелері Н.Г.Нұрғалиева, Г.К.Байдельдинова, валеология ғылымының теориялық және әдістемелік мәселелері А.С.Иманғалиев, А.Ақанов, рухани құндылықтардың әлеуметтік-философиялық негізі С.Нұрмұратов, Е.Әлсатов, Б.С.Ерасов, адамгершілік тәрбиесін жетілдіру А.А.Калюжный, Ж.С.Хасанова, А.А.Аманжолова, Г.А.Мұратбекова, К.Б.Сейталиев т.б. еңбектерінде орын алған.

Адамгершілік құндылықтардың мәні

Тәрбие иен оқытудағы адамгершілікке бағытталған идеалдар құндылықтар деп қарастырылады. Оларға: **шындық, қайырымдылық, тұлға, бостандық, махаббат, шығармашылық және т.б. жатады.** Құндылықтар идеалдарды қабылдау немесе қабылдамау сезімі арқылы айқындалып, ақыл-ой, сана арқылы қабылданады, құрметтеу, қошаметтеу, қабылдау тәрізді ұмтылысты білдіреді. Бұл сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын және сол арқылы адамның іс-әрекетін белгілейді. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, сана арқылы түсінуге болады. Соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді де, іс-әрекет етеді. Осы аталмыш құндылықтардың бастау көзі халықтың мол мұрасында. Ол мұра – халық пайда болғалы онымен бірге жасасып, бірге дамып келе жатқан құнды дүниелер.



Адамгершілік құндылықтардың мәні мен мазмұндары көне заманнан бүгінге дейін философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылып, қоғам ерекшеліктері мен сұраныстарына орай талданып, жүйеленіп келеді. Өйткені, адамзаттық құндылықтар әрбір адамның ақыл-ой байлығының тікелей көрсеткіші. Сондықтанда болар, құндылықтың мәні мен табиғаты, оның адам мен қоғам тіршіліктеріндегі алатын орны, жас ұрпақты тәрбиелеудегі ықпалы т.б. мәселелер ғалымдарды толғандырары анық. Еліміздегі болып жатқан өзгерістер жасөспірімдердің мінез-құлықтарында бәсекелестік қабілетті қалыптастыру жаһандану заманында сұранысы артып отыр. Жаңашылдық үстем құрған уақытта адамгершілік құндылықтары жүйесінің орны ауқымдылығымен сипатталуында. Мәселен, құндылықтарға бейімделу, мойындау, әрбір адамзатқа көңілінен орын алатын мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі жеке тұлғаның өмірлік мәні, ой-санасы, бет-бейнесі болып табылады.

Ғалымдардың пайымдауынша

- Құндылықтар туралы алғашқы түсінік ежелге грек ғалымы Сократтан бастау алады. Сократ үшін құндылық «адамның өмірді бағалауы» екен. Ал Аристотель «жақсылық», «игілік» ұғымдарын жағымды мінез-құлықты, рухани құндылықты бейнелеуде қолданды. Құбылысты, затты жағымды бағалау адам үшін құнды игілікті түсінуге негізделген. «Ізгілік» сөзі салыстырмалы мағынада белгілі бір жағдайдағы адам үшін жақсылық, пайдалы нәрсе деп түсіндіріледі. Рухани-адамгершілікке тәрбиелейтін ғылым ретінде этиканы белгілеген. Аристотельдің пайымдауында «этиканың мақсаты – таным емес, ізгілікке үйрету. Этикалық зерттеулер рухани-адамгершілік дегеннің не екендігін білу үшін емес, осы рухани-адамгершілікке жетудің жолдарын үйрету үшін қажет, олай болмағанда бұл ғылымның пайдасы болмас еді» - дейді.

- Философ Т.Қ.Ғабитов «құндылықтар – қасиеттер» дей отырып, бұл қасиеттердің бала кезден, ана сүтімен бірге өзінің ана тілі арқылы мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығатындығын ерекше бағалайды. Яғни, философиялық тұрғыдан алсақ құндылықтар – адам үшін пайдалы мәнге ие болатындардың барлығы, адамзат қоғамының іргелі дамуы мен адамның жеке тұлғасын жетілдіруге тиімді ықпал ететіндерің барлығы құндылық болып табылады. Психологтар құндылықтарды тұлға аралық қатынас тұрғысынан қараудың өзіндік мәні бар екенін айтады. Құндылық ұғымында құндылық қатынастың объектісі болып табылатын заттардың сыртқы қасиеттерінің сипаттамасы, осы қатынастың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапалары, құндылықтың жалпы мәнділігін көрсететін адамдардың өзара қарым-қатынасы ұштасады.

Адамгершілік құндылықтар

- Ұлттық құндылықтар: ұлттың тілі, ділі, діні, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тарихы, мәдениеті, өнері, әдебиеті, музыкасы, ата мұрасы және т.б. Осы құндылықтардың мәні не, маңызы қандай, мақсаты неде дегенге келетін болсақ, құндылықтардың әрқайсысы адам баласының өмірлік ұстанымына тікелей әсер-ықпал етіп, жеке тұлғаның бағыттылығын, оның сенімдерін, дүниеге көзқарасын, идеалдарын, ұмтылыстарын, өмір сүру түрін еркін таңдай алуын өз бетінше іске асырып, жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береді.
- жоғары рухани құндылықтар: махаббат, жақсылық, өмір мәні, ақиқат, еркіндік, сұлулық, адамның өзіндік құндылығы, лайықты өмір сүру, жалпы адамгершілік және т.б

Құндылықтардың жіктелуі

Жалпы адамзаттық құндылықтар	Жоғары сапа деңгейіндегі құндылықтар	Рухани – адамгершілік имани құндылықтар
-адам өмірі, бостандық, отбасы, қарым-қатынас, адам бақыты, ұрпақ жалғастыру, еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік, тәуесіздік	-адам конвенциясы, демократия, азаматтық қоғам, өркениет, әлеуметтік мәдениет т.б.	-мәдениет, саясат, әдебиет, Отан, Ана, Жер, дін, діл, ар-ождан, парыз, ерік, жігер, күш, махаббат, қайырымдылық, мейірімділік,

Индивид - биологиялық тіршілік иесі, барлық адамдар тумысынан индивид болып табылады.


Тұлға - өзіне биологиялық және әлеуметтік қасиеттер мен сапаларды меңгерген адам.


Даралық - бір адамды басқа адамнан ерекше көрсетіп тұратын интеллектуалдық, еріктік, моральдық, әлеуметтік және тағы басқа қасиеттерінің жиынтығы.

Тұлғаның қалыптасуы – барлық факторлардың (экологиялық, экономикалық, әлеуметтік, биологиялық және т.б.) әсерінен индивидтің тұлғаға айналу процесі.

Тұлғаның дамуы - адамның ағзасындағы сандық және сапалық өлшемдердің өзгеру процесі.

Тұлғаның тәрбиеленуі - тұлғаның аға ұрпақтың әлеуметтік тәжірибелерін меңгеру процесі.





Тұлғаның өзін-өзі тәрбиеленуі - рухани сананың мақсаты-өмірдің құндылығын түсіну, ақыл-ой арқылы үнемі адамгершілік тұғырлары шындықты, ақиқатты іздеу; сезім арқылы сұлулықты сезініп, түсіну; ерік арқылы мейірімділікке, рахымдылыққа ұмтылу.

Адамгершілік сапалары:

- **Адалдық;**
- **Махаббат;**
- **Сүйіспеншілік;**
- **Парасаттылық;**
- **Ізгілік;**
- **Моральдық сана сезім.**

Адамгершілік моральдық қадір – қасиеттеріне:

Қоғамға:

- идеялық;
- ұжымдық;
- интернациональдық;
- отаншылдық;

еңбекке оның нәтижелеріне:


- еңбекқорлық;
- тәртіптілік;
- ұқыптылық;


өзіне және өзге де адамдарға:

- қайрымдылық
- мейірімділік;
- принциптік;
- табандылық;

Әрине, адамзат тарихында пайда болған адамгершілікке байланысты көптеген категориялар – жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайыгершілік, әділдік пен достық, ар мен намыс, т.б. сонау көне дәуірден басталып, күні бүгінгі күнге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Сондай-ақ адамзаттың, әрбір адамның ішкі рухани - адамгершілік дүниесінің негізгі нысандары – үміт, сенім және махаббат үнемі даму үстінде.

Қорытынды:





Рухани тұрғыда жетілген тұлғаның бойындағы адамгершілік ұстанымдар төмендегідей танымдық, әрекет-шығармашылық және тұлғалық компоненттерді қамту керек:

- өзінің қадір-қасиетін сақтау, яғни кісінің кісілігін сақтап, өзіне-өзі сенімді болу;
- жауапкершілік таныту, адал болу, ақиқатты көздеу, жалғандық, алдап-арбаудан аулақ болу;
- ержүрек болу, қорқынышты, үрейді жеңе білу;
- өзін-өзі бірқалыпты ұстау, өз ойын, сезімін, талап-тілегін, іс-қылықтарын үйлесімділікте ұстай білу;
- ұқыптылық – қандай іс атқарса да ұқыптылық таныту, еңбек ете білу;
- сергектік, іскерлік таныту, яғни көздеген мақсатқа өз мүмкіндігін шамалап, қажымай-талмай жете білу;

көргендік – алға қойылған әрбір мақсаттың нәтижесін алдынала көре білу;



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Егемен қазақстан.- 2007. – 15 тамыз.
2. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. - Алматы. 2001, - 238 б.